

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 526-IV Қаулысы

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 14-бабы 2-тармағына, Сенат Регламентінің 1 және 175-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Сенат отырыстары сағат 12-ден 12 сағат 30 минутқа және сағат 14-тен 16-ға дейін үзілістер жасала отырып, сағат 10-нан 18-ге дейін өткізіледі. Төрағалық етуші отырыстарда өз бастамасы бойынша немесе Сенат отырысына қатысып отырған депутаттар саны көпшілігінің ұсынысы бойынша үзілістер жариялайды.»

2. 8-тармақ «Сенат депутаттары жалпы санының» деген сөздерден кейін «жай» деген сөзбен толықтырылсын.

3. 9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«Сенат отырысында заң жобасының бастамашысы уәкілеттік берген лауазымды адамдар заң жобасы бойынша баяндама жасайды.
Заң жобасы бойынша баяндамашыны ауыстыруға ерекше жағдайларда жол беріледі .

Баяндамашы ауыстырылған жағдайда заң жобасының бастамашысы Сенат отырысына дейін, әдетте, екі жұмыс күнінен кешіктірмей Сенатқа тиісті хат ұсынады. Ерекше жағдайларда хат баяндамашыны ауыстыруды талап ететін мән-жайлар туындағаннан кейін бірден жіберіледі.»

4. 16-тармақтың бірінші абзацы «туралы» деген сөзден кейін «жай көпшілік дауыспен» деген сөздермен толықтырылсын.

5. 40-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

«Халықаралық шартты ратификациялау немесе оның күшін жою туралы Мәжіліс мақұлдаған заң жобасын алған кезде, заң жобасымен бірге халықаралық шарттың және оған қосымшаның тиісті уәкілетті орган куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер халықаралық шартты ратификациялау немесе оның күшін жою кезінде қазақ

не/немесе орыс тілдеріндегі мәтіндеріне қол қойылмаса, онда заң жобасымен бірге оның аталған тілдерге аударылған, тиісті уәкілетті орган куәландырған тең түпнұсқалық аудармасы қоса беріледі.».

6. 45-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Заң жобасы нормаларының құқықтық мазмұнын өзгертпейтін редакциялық сипаттағы, сондай-ақ заң актілерінің ресми жарияланымдарының дереккөздеріне байланысты ескертпелер бас комитеттің салыстырма кестесіне енгізілмейді және қол қойылатын құжат ресімделген кезде ескеріледі.».

7. 53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайталап талқылау мен дауысқа салу қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде өткізіледі. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

Егер Мәжіліс Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен заң бойынша бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, онда заң Президент қарсылықтарын қоса әрі қарай қарау үшін Сенатқа беріледі.

Сенаттың тиісті тұрақты комитеті қорытынды әзірлегеннен кейін заң немесе оның баптары Мемлекет басшысының қарсылықтарын қоса Сенаттың жалпы отырысына шығарылады. Егер Сенат дауыс беру қорытындылары негізінде заң бойынша Парламент бұрын қабылдаған шешімді растамайтын болса, онда заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Егер Сенат Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен заң бойынша бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, онда Президенттің заң бойынша қарсылықтары еңсерілді деп есептеледі. Бұл жағдайда заң немесе тиісінше оның баптары Парламент бірінші рет қабылдаған редакциясында қабылданды деп есептеледі және Президент осы заңға ол қол қоюға ұсынылған кезден бастап бір ай і ш і н д е қ о л қ о я д ы .

Егер Республика Президентінің қарсылықтары Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға енгізілген жағдайда, онда бұл қарсылықтар заңдарға қарсылықтарды қарау үшін көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығы Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшінші даусымен еңсеріледі.».

8. 59-тармақтың екінші абзацында «орта мерзімді фискалдық саясат және» деген сөздер «республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының және бюджеттік параметрлерінің болжамы мен» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 3-параграф мынадай редакцияда жазылсын:

«3-параграф. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне кандидатураны қарау бойынша консультациялар беру

82. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне кандидатураны қарау бойынша консультациялар тиісті Комитеттің отырысында өткізіліп, оның нәтижесі бойынша қ о р ы т ы н д ы ш ы ғ а р ы л а д ы .

83. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне кандидатураны қарау рәсімі іс басындағы Уәкілдің өкілеттік мерзімі аяқталатын сәттен кемінде екі ай бұрын жүзеге асырылады.».

10. 123-тармақтың екінші сөйлемі «отырып» деген сөзден кейін «, қазақ және орыс тілдерінде» деген сөздермен толықтырылсын.

11. 165-тармақ мынадай мазмұндағы он бесінші абзацпен толықтырылсын: «Парламент Сенатының Конституциялық Кеңестегі өкілдерін белгілейді;».

12. 173-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «173-2. Парламент Сенаты басқа мемлекеттердің парламенттерімен (парламенттер палаталарымен) және халықаралық парламенттік ұйымдармен парламентаралық ынтымақтастық туралы келісімдер жасасуға, сондай-ақ ынтымақтастық жөнінде топтар құруға құқылы.».

13. 173-3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын: «басқа мемлекеттердің парламенттерімен (парламенттер палаталарымен) және халықаралық парламенттік ұйымдармен парламентаралық ынтымақтастық туралы келісімге қол қояды не бұл актіні жасауға Сенаттың өзге тұлғасына өкілеттік береді;».

14. 179-тармақта: «және құжаттамалық» деген сөздер «, құжаттамалық және ұйымдастыру-техникалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын: «Сенат депутаттарын заң жобалары бойынша қазақ және орыс тілдерінде ақпараттық, ақпараттық-талдамалық материалдармен қамтамасыз ету;».

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П а р л а м е н т і С е н а т ы н ы ң

Төрағасы

Қ. Тоқаев